

Алматы қаласы азаматтарына жер учаскесіне құқық куәландыратын құжаттарды қайта рәсімдеу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімінің 1999 жылғы 18 қаңтардағы N 58 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 21 тамызда N 174 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 2001 жылғы 16 шілдедегі N 1/83 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 16.07.2001 N 1/83 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N№ 2717 Заң"күші бар "Жер туралы" Жарлығын және құжаттарды қайта рәсімдеу мерзімінің"қысқаруын іске асыру мақсатында Алматы қаласының Әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бұрын берілген, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, бау-бақ, құрылыс және тұрғын үйге қызмет көрсету, саяжай құрылысы үшін берілген жер учаскелерінің"нақты пайдаланып отырған аумағын анықтап, жеке меншік құқығының құжаттары рәсімделсін.

2. Жер учаскелерінің аумағы мен шекараларын анықтап, үйлестіру жұмыстарын жүргізу Алматы қаласының жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетіне тапсырылсын.

3. Жер пайдаланушылардың учаскелерінің бұрынғы бекітілген жоспарлары сәйкестікке келмесе, оны Қазақстан Республикасы Президентінің қолданылып жүрген заңдылықтары мен нормативтік актілеріне сәйкес жоспарларды құру барысында талаптарды басшылыққа ала отырып, қайта жасау Алматы қаласының"жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетке міндеттелінсін.

4. Жер учаскелерінің жоспарын құру талаптары бекітілсін (қосымша).

Алматы қаласының әкімі

В. Храпунов

Алматы қаласы әкімінің
1999 жылы 18 қаңтардағы
N 58 шешіміне
қосымша

Жер учаскелерінің жоспарын құру талаптарының тізбесі

Осы талап жер учаскелерінің жоспарын құру үшін заңды және жеке тұлғаларға жерді меншікке, тұрақты пайдалану, Алматы қаласында ұзақ мерзімді жалдауға беру (бекіту) үшін таратылады.

1. Жер учаскесінің жоспары (бұдан былай жоспар) топографиялық түсіріп алу материалдары бойынша масштабы 1:500 - 1:2000 болып жасалады.

2. Жоспардың масштабы жер учаскесінің конфигурациясына және көлеміне қарай алынып, жер пайдалану шекараларының бетбұрыс нүктелерін көрсетеді.

3. Топографиялық түсіріп алуды (бұдан былай - топотүсіру) сәйкестік құқығы бар (лицензия) мекеме жүргізе алады. Осындай жұмысты іске асыруда жоспарды жасау мерзімі өндіріске алынған күннен бастап бір жылдан аспауы қажет.

4. Жоспарды жасау кезінде ескерілсін:

4.1. Басқа тұлғалардың бос, күрделі құрылыстарға тиіп тұрған, іс-әрекеттерге керекті аумақ (нормативтен аспауы тиіс);

4.2. Осы жылжымайтын мүліктің иесі, меншіктің инженерлік инфраструктура объектілеріне және кіріс жолдар, құрылыстарға өтетін жолдар;

4.3. Жер учаскесі шекарасында орналасқан құрылыстарға Алматы қаласының жылжымайтын мүлікті тіркеу орталығының тіркеу мәліметтері;

4.4. Жер учаскелер құқықтары туралы Алматы қаласының мемлекеттік жер кадастрының құжаттарды рәсімдеу және тіркеу мәліметтері;

4.5. Шектесу тізімдерінің сипаты (шектесу шекараларының жер пайдаланушылардың құқық куәландыратын құжаттары);

4.6. Қаланың бас жоспары, нақтылау жоспарлауының жобасы, қызыл сызық, ішкі өтетін жолдардың білігі, күзететін аумақ жобасы, басқа да күрделі құрылыс (жоспарлау) құжаттары;

4.7. Қызмет көрсету аумақ, шектеулер аумағы, сервитуттар және де басқа да ауыртпашылықтар.

5. Жер учаскелердің шекаралары көршілес шектесулермен келісіліп, даусыз болуға тиіс, жер пайдалану шекарасы қол қоюмен келісіліп куәландырылады.

5.1. Жылжымайтын мүлік объектісінің (меншік) иесі;

5.2. Көршілес жер пайдаланушылардың жерге құқық куәландыратын құжаттары жоқ болса, егер пайдаланушы жер учаскені керекті негіздермен келістірілмесе, сол учаскелердің жоспарына "талас" бар деп жазылады.

Алқа хатшысы

К. Тәжиева